СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Жиналыс төрағасы:

Х.Мергалиев: Оны сотқа беріп, одан кейін қайта порталға шығып жүргенде уақыт жоғалтасыз. Ағымдағы жылдан бастап жергілікті кәсіпкерлерге бір көзден сатып алуды беруге болады емес пе?

Ұ.Шукурова: Өзімізде ауылда қоқыс шығаратын ешкім жоқ па?

Х.Мулдашев: Бар, «НұрАй» жеке кәсіпкерлігі шығарады. Басшысы Ғаббасов Нұр. Оның арнайы техникасы да бар.

Х.Мергалиев: Ия, жергілікті кәсіпкерге беру керек. Ақтөбеден қашан келіп тазалайды деп күтіп отырамыз ба?!

Б.Бекентаева: Мен қолдаймын жергілікті кәсіпкерге беруді. Қоқыс алаңын тездетіп қолға алу керек. Жаздың ортасы болды, әлі жиналған жоқ.

М.Нурашева: Мен де қолдаймын.

М.Залиев: Қолдаймын.

С.Адилов: Қарсы емеспін.

А.Жамбыл: Сіздер қолдасаңыздар көң- қоқыс алаңын тазалау жұмыстарын өзіміздің ауылдың кәсіпкері Нұрға береміз.

Қ.Баймагамбетов: Тасқала ауылдық округіндегі көң- қоқыс алаңын тазалау жұмыстарын «Нұрай» жеке кәсіпкерлігіне беру дауысқа салынады.

Қолдағандар- 8 адам;

Қарсы- 0 адам;

Қалыс- 0 адам.

Жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәрітібіндегі мәселені қарап келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Тасқала ауылдық округіндегі көң- қоқыс алаңын тазалау жұмыстары «НұрАй» жеке кәсіпкерлігіне берілсін.

А.Жамбыл: Бүгінгі жиналысымызға қатысқандарыңызға, ұсыныстарыңызға алғыс білдіремін.

Қ.Баймағамбетов, жиналыс төрағасы: Басқа сұрақтарыңыз болмаса, жиналысымызды аяқтауға рұқсат етіңіздер.

Ұсыныс білдіргендеріңізге рахмет.

Сау болыңыздар!

Жиналыс төрағасы **Қ.Баймагамбетов**

Жиналыс хатшысы **Б.Бекентаева**